



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

4. 2013 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105#z783>
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз
6. Жақыпова С. Атаулы әлеуметтік көмекті есептеудің жаңа тәртіптері жәрдемақы сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді // сұхбат, 2015 жыл 12 қазан.

УДК 347.963

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аяш Алуа Нұрмухамедқызы

alua13902@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң Факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Төлеубеков

Соңғы жылдары Қазақ елі дүниежүзілік қауымдастықтың тең құқықты мүшесіне айналуға үлкен қадамдардан өтуде. Тәуелсіздігімізді алып, оны қорғау мен ұлттық мемлекеттілігін нығайту шараларын қабылдап, республикамыздың құқықпен байланысты мәселелерді шешіп, мемлекет тәуелсіздігіне нұқсан келтіру ретінде бағаланатын кез келген сырттан қол сұғушылықты болдырмас мақсатында тұтас заң жүйесін құрылды. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мен оның он бір жылдан кейінгі Астана Саммитін өткізу, ДСҰ-ға қосылуы және алдағы келе жатқан халықаралық ЕХРО көрмесі және тағы да басқа жетістіктеріміз, әрине, ең алдымен, нағыз құқықтық мемлекетке айналуы мен заң жүйесін жетілдіруде көп көңіл бөлгендігі арқасында. Қазіргі шиеленіскен қоғамда адам құқығының талапқа сай қорғалуы мен бостандығының сақталуы осы жарқын істеріміздің жасампаздығы үшін өте қажет. Ал бұл тұрғыдан алғанда, азаматтардың өтініштерін қарау, сондай-ақ Конституцияда бекітілген құқықтарын қорғау, құқық қорғау органдарының қызметінің маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Осы арада азаматтардың бостандығы мен әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау жолында ерен еңбек атқарып жүрген прокурорлар қауымы десек қателеспейміз. Дегенмен, құқық қорғау органдарының түпқазығына айналған бұл органның қызметі қандай?! Азаматтық процеске тартылатын прокурордың қатысу ерекшеліктері қандай болмақ? Құқықтық жүйесі ерекшеленетін мемлекеттердің прокурорлық органдарының қандай айырмашылықтары бар?

Қазақстан Республикасының Конституциясына [1] және “Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы” 21.12.1995 жылғы № 2709 Заңына сәйкес прокуратура органдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі кез-келген заң бұзушылықты дер кезінде анықтап, оны жоюға шара қолдану болып табылады [2]. Бұл орайда Бас Прокурор Қайрат Мәми «Мемлекеттік билік органдарының жүйесінде прокуратураның орны әрдайым ерекше. Жоғары қадағалау жасауға конституциялық өкілдігі бар бұл салаға Отанымыздың игілігі үшін қызмет ету, заңдылықты сақтау, мемлекет пен қоғам мүддесін қорғау міндеттелген. Ел Президенті бекіткен Құқықтық саясат тұжырымдамасында прокуратура органдары құқық қорғау жүйесінің түп-қазығы деп айқындалған. Осыған байланысты бұл бағдарламалық құжатта прокуратураның қадағалау және үйлестірушілік қызметтерінің тиімділігін арттыру, оның іс жүргізу негіздерін жетілдіру, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде қосымша міндеттер қойылған. Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру прокуратураның құқық қорғаушылық әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді», – дейді. Прокурорлық қадағалау билікті түрлі теріс пайдалануға нақты тосқауыл болып отыр, прокурорлық араласуға байланысты экономиканың стратегиялық салаларындағы, мемлекеттік сатып алу саласындағы ірі айла-әрекеттерінің жолы кесіледі, бюджет қаражатын ұрлау жолдары жабылады. Бұл ретте, прокуратураның рөлі заңдарды бұзудың жекелеген оқиғаларына ықпал ету шараларымен шектелмейді. Прокуратураның маңызды белгісі – жаппай сипаттағы, адамдардың көпшілігінің құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне әсер ететін заң бұзушылықтарына

тосқауыл қою қабілеті. Мысалы, экономикалық дағдарыс кезеңінде прокурорлар экономиканы тұрақсыздандыруды болдырмауға бағытталған міндеттерді атқарған. Бізге шағын және орта бизнесті қолдауға, ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыруға, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бөлінетін қаражатты пайдаланылуын үйлестіру және бақылау жүзеге асырады.

2015 жылдың 31 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-бабына сәйкес: «Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей, сондай-ақ өзіне бағынышты прокурорлар арқылы жүзеге асырады [3]. Қылмыстық істерді жүргізу барысында, “прокурор - өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады. Ал, азаматтық істерде жүргізу барысында прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады. Егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды (арызды) қараусыз қалдырады. Талап қойған прокурор, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады.

Азаматтық процестегі прокурордың мүддесі дербес болып табылады, осыған байланысты оған азаматтық процестің қозғалысына әсер ету мүмкіндігін беретін процессуалдық құқықтар берілген және іске қатысушы тұлға болып табылады. Бірақ прокурордың процестегі дербестігі оның мүддесі бұзылған немесе заңмен қорғалатын мүдденің субъектілер мүддесіне қарсы қоюға болмайды. Ол тек субъектінің мүддесін қорғауға ғана мүдделі. Осыдан туындайтын процессуалдық әрекеттері бұзылған немесе заңмен қорғалатын мүдде субъектілеріне көмек көрсету мақсатында жасалады.

Прокурордың азаматтық іс жүргізу барысында құқықтары мен міндеттерін үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Біріншісі, іске қатысушы тұлғалардың барлығы үшін жалпы құқықтар мен міндеттер, бұлай алу себебіміз нақты азаматтық істі сотпен шешу бойынша, прокурор істе осындай тұлғалардың жағдайында болады. Атап айтқанда, ол материалдармен танысуға, дәлелдемелер ұсынуға, сотқа жазбаша және ауызша түсіндірмелер беруге, іске қатысушы басқа тұлғаларға сұрақтар қоюға, сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша дәлелдемелер келтіруге құқылы.

Екіншісі, сотта азаматтық істі бастаушы тұлғаға тиісті құқықтар мен міндеттер, атап айтқанда, азаматтық істі қозғау туралы сотқа арыз беруге және сот талқылауы барысында өзінің талабын қолдауға құқылы. Ол талаптың нысанын және негіздемесін өзгертуге, талап қояудан бас тартуға, талап қою талабының мөлшерін өзгертуге не азайтуға құқылы.

Үшіншісі, ерекше прокурорлық құқықтар мен міндеттер. Қадағалау функциясын жүзеге асыруына байланысты, сот істі жүргізу барысында туындайтын барлық сұрақтардың барлық инстанциясында істің негізі бойынша соттың шешімі мен ұйғарымына апелляциялық, кассациялық және жеке наразылық беруге, сондай-ақ оларды тоқтатуға құқылы. Прокурордың процессуалдық құқықтары мен міндеттерінің көлемі өндіріс түріне және процесс сатысына байланысты.

Сондай-ақ, прокурор істі қозғаған кезде жалпы тәртіппен арыз береді. Прокурор басқа іске қатысушылармен қатар заңмен бекітілген сотқа жүгіну тәртібін сақтауы тиіс. Прокурор Қазақстан Республикасының АПК және Салық кодексіне сәйкессоттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады және сот шығындарын алып жүруден босатылады.

Прокурор басқа біреудің мүддесіне сол мүдделі тұлғаның өтініші бойынша іс қозғалса, сот сол мүдделі адамға пайда болған процесс туралы хабарлайды, және ол мүдделі тұлға прокурордың қойып отырған талабын қолдамай, (АПК 54-бабы) жаңа талап қоюға құқылы.

Прокурормен қозғалған істер бойынша шығарылған соттың шешімінің материалдық-құқықтық салдары прокурорға таралмайды, одан ешнәрсе өндіріп алуға болмайды, өйткені прокурор материалдық-құқықтық қатынастың субъектісі болып танылмайды.

Сонымен бірге, прокурор азаматтық істе тек процессуалдық талапкер ретінде ғана қатысып қоймайды, сондай-ақ процессуалдық тұрғыдан дау нысанасына дербес талап мәлімдейтін тұлға ретінде, сонымен бірге процессуалдық жауапкер ретінде, егер оған қарсы талап қойса қатысады. Бұл жерде қарсы талап прокурорға қойылмауы тиіс, себебі ол материалдық құқықтық қатынас субъектісі емес, ал басқа жағынан қарайтын болсақ бір тұлғаның өтініші бойынша оның мүддесін сотта қорғайды, бірақ кез келген жағдайда қарсы талап прокурорға емес, мүдделі тұлғаға, яғни талапкерге қойылуы тиіс. Прокурор азаматтық іс бойынша бітімгершілік келісім жасауға құқылы емес, өйткені бітімгершілік келісім жасау істегі нақты тараптың ерік білдіру негізінде жүретін әрекет (АПК 54 бабы).

Сонымен, жоғарыдан көріп отырғанымыздай прокурордың процессуалдық жағдайы тараптардың немесе үшінші жақтардың жағдайына теңестірілмейді және де прокурор процесте айрықша қатысушы болып табылады.

Прокурордың азаматтық істерге қатысуының ерекшеліктері жалпылама атап өтсек:

1. Прокурор Қазақстан Республикасының атынан барлық аумағында әрекеттегі заңдардың орындалуына қадағалауды жүзеге асырады. Прокурор істің нәтижесіне белгілі мүдде иеленетіндігіне сәйкес іске қатысушы тұлғалар қатарына енеді. Бұл мүдде мемлекеттік-құқықтық сипатта болады.

2. Азаматтық сот өндірісінде прокурор ерікті және іске қатысушы басқа тұлғалардан тәуелсіз қатысады, өйткені оның іс жүргізуге мүдделілігі оның құзыретінен шығады.

3. Прокурор сот өндірісіне араласпай және сотқа күш көрсетпей сот өндірісінің барлық қатысушыларының әрекеттерінің заңдылығын, соттың шығаратын қаулыларының дұрыстығын қамтамасыз етеді, түрлі заң бұзушылықтарды жояды, сот әділдігін жүзеге асыруда сотқа көмек көрсетеді.

4. Прокурор өзінің өкілеттігіне сай іске мүдделі болуы мүмкін және кез-келген азаматтық істі қарастыруға қатысуы мүмкін.

5. Прокурордың азаматтық іске қатысуының негізі болып азаматтардың, кәсіпорындардың, мемлекеттің құқықтарын және мүдделерін қорғау табылады.

6. Процеске прокурордың қатысуының себебі болып азаматтардың, кәсіпорындардың және мемлекеттік органдардың өтініштері табылады [4, 20 б.].

ҚР Прокуратура органдарына қадағалау қызметімен қатар, қылмыстармен және өзге де құқық бұзушылықтармен күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функциясы жүктелген. Мұндай функция жүктеу себебі олардың үлкен көлемді қылмыс жөніндегі ақпаратқа ие болуымен түсіндіріледі. Прокуратура органдары анықтау мен тергеуге, жедел іздестіру қызметіне тексеру жүргізу арқылы көптеген құқық бұзушылықтарды анықтайды. Сонымен қатар, прокуратура мемлекеттік билік органдары арасында тік және көлденең байланыс жүргізе отырып, үйлестіру қызметін жүзеге асырады. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны Заңның 4-бабында белгіленген.

Конституция мен заңдардың үстем тұруын қамтамасыз ету адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы

Конституциясының, заңдарының және Президентінің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокуратура мемлекет атынан:

1) Конституцияның, Заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын қолданады;

2) жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;

3) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

4) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

5) заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

б) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Қазіргі таңда қылмыстық сот төрелігі жүйесімен салыстырғанда қылмыстық құқық саласынан тыс прокурор қызметін азаматтық-процестік ұйымдастыру мәселесінде ешқандай халықаралық стандарттың жоқтың қасы екендігін бізге мәлім. Қылмыстық саласында стандарттардың болуы, көптеген елдерде прокурордың функциялары даусыз болып табылатындығында. Сонымен қатар, бірқатар елдерде оның рөлі сан-қырлы қоғамдық қарым-қатынастардың аспектілерін қамтитын қылмыстық істер ауқымына кірмейтіндігі танылады. Осылайша, осы мәселеде ортақ көзқарасты дамыту қиын әрі шиеленіскен. Осы арада, азаматтық процесте прокурордың рөлі ереже емес, ерекшелігі деп қараған жөн. Бұл ең бастысы тараптардың теңдік негізінде, жарыспалылығы және басқа мемлекеттердің іске араласпау қағидаларына сүйеніп шешілетін даулардың сипатына байланысты.

Шет елдердің прокуратура органдарының құқықтық реттеу мен тәжірибесін зерттеу барысында белгілі бір елдегі басым құқықтық жүйесі негізіне тоқталған жөн. Австрия, Дания, Италия, Франция және Германия заңның құрылымдық жүйесі, яғни романо-германдық жүйесіне жатқызылады, Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда заң англосаксондық жүйесіне негізделсе, Болгария, Венгрия, Польша, Словения, Словакия, Чех Республикасы секілді мемлекеттер - Еуропалық Шығыстық құқықтық жүйенің бастамасына сүйенеді [5].

Мемлекет механизміндегі орнына, ұйымдық және функционалдық тәуелсіздігіне (автономиясына) байланысты прокуратураның бірнеше модельдерін атауға болады:

1. Тәуелсіз конституциялық орган ретінде (ТМД елдері, Албания, Венгрия, Вьетнам, Испания, ҚХР, Куба, Латвия, Литва, Македония, Португалия, Сербия, Словакия, Хорватия, Монғолия, Индонезия, Латын Америка елдері түгел дерлік, Португалия және оның бұрынғы колониялары).

2. Басқа мемлекеттік органның қарамағындағы, яғни төмендегідей:

Үкіметтің әкімшілік бағыныштылығындағы (Әділет министрлігі) мемлекеттік айыпты қолдаушы орган ретінде. Бұл модельдің ішінде де бірнеше түрлері кездеседі. Мысалы, прокуратурасы ұйымдық жағынан Әділет министрлігіне бағындырылғанымен функционалдық дербестігін сақтаған елдер: Франция, Бельгия, Люксембург, Чехия, Румыния, Словения, Түркия, Финляндия, Корей Республикасы, Эстония, Жапония. Әділет министрлігінің толық қарамағындағы орган ретінде: Данияда, Польшада, Филиппинде сақталған.

Атқару мен сот биліктерінің араларында орын алған орган ретінде: Францияда, ФГР-да, Бельгияда, Египетте, Италияда орын алған. Үкіметтің бағыныштылығына берілген орган ретінде: Швеция мен Швейцарияны атауға болады. Сот билігінің қарамағына берілген елдер: Әзірбайжан, Андorra, Болгария, Грузия, Испания, Латвия, Молдова, Иран;

3. Үкіметтің юридикалық қызмет көрсету органы ретінде – Біріккен корольдықта, жалпы құқықтық басқа елдерде – Австралиялық одақта орын алған. Типіне қарамай

бағындырылуы да ерекшеленетіні бар. Мысалы, Швецияның прокуратурасы үкіметке бағындырылған.

4. Әділет министрлігімен (департаменттерімен) ұқсастырып, яғни прокуратура атқаратын функцияларға ұқсас қызмет жасайтын орган ретінде АҚШ пен Канададағы атторнейлік қызмет болып табылады.

ТМД елдерінің Конституциясы мен өзге де заңнамаларын талдау нәтижесі, қазіргі уақытта бұрынғы ССРО-ның аумағында прокуратура сот билігіне (Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литва, Молдавия), немесе атқару билігіне (Қырғызстан, Эстония), немесе ешқандай да билік тармағына жатпайтындығын (қалған өзге мемлекеттер) көрсетеді. Жалпы, биліктің бөліну жүйесінде прокуратура органдарының алатын орны туралы мәселе бүгінгі таңда өте өзекті. Әрине бұл мәселе әлемнің әрбір мемлекетінде әртүрлі жолмен шешіледі. Мұның дәлелі болып жоғарыда айтылып кеткен мәселелер табылады. Ал енді Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның жүзеге асырылуында, сот билігінің тәуелсіз нысанда қалыптасуына байланысты мемлекеттік институттар жүйесінде прокуратураның алатын орны мен рөлі жөніндегі мәселелер өте өзекті. Әрине, бұл мәселелер әр мемлекетте әрқалай шешіледі.

Қорыта келгенде, азаматтық сот өндірісіндегі прокурордың өкілеттіктері, оларды жүзеге асыру тәртібі ҚР Азаматтық процестік кодексімен және ҚР «Прокуратура туралы» Заңы нормаларымен анықталады. Прокурор азаматтық іс жүргізу субъектісіне жатады. Прокурор кез-келген іске өзінің немесе соттың бастамасы бойынша азаматтық сот өндірісінің кез-елген сатысында қатыса алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.
2. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы. 21.12.1995ж.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. 31.10.2015ж.
4. Төлеубеков А.Т. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы: 050301 «Юриспруденция» мамандығының студенттеріне арналған оқу-практикалық құрал. – Қарағанды, 2014ж.
5. Скрябин С.В. Участие прокурора в судебном процессе: сравнительно-правовой анализ / С.В. Скрябин, С.А. Акимбекова, С.М. Лер // Аналитическая записка подготовлена для Центра исследования правовой политики при поддержке Института Открытого Общества (OpenSocietyInstitute) июль 2011г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://lprc.kz/files/library/97/rus/>

УДК 347.464.(574)

РЕНТА ШАРТЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Әділбек Ақбота

adilbeknot@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандығының 2 курс, Ю-15-1 оқу тобының студенті, Қызылорда, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Қ. Жусупбекова

Қазіргі заманда азаматтық айналымда көп кездесетін шарттардың бірі – рента шарты болып табылады. Рента шарты маңызды азаматтық құқықтық мәнге ие және азаматтармен өздерінің меншік құқығын толық жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жалпы, «рента» терминінің мағынасына келер болсақ, оның екі мағынасы бар. Біріншіден, рента-бұл өзінің алушыларынан кәсіпкерлік қызметті талап етпейтін капиталдан, мүліктен немесе жер учаскесінен алынатын белгілі бір пайда. Екіншіден, рента-бұл сақтандыру қоғамымен сақтандырылған тұлғаға төленетін белгілі жыл сайынғы ақшалай сомма.